

5

Онкоорталық
 – еліміздің
 медициналық
 туризм
 картасында



13

Әлемдік
 виртуоз
 алғаш рет
 Өскеменде
 өнер
 көрсетпек



16+



DIDAR

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ



1931 жылдың 24 қазанынан шығады №42 (18550) 16 қазан 2025 жыл WWW.DIDAR-GAZETI.KZ

9

«ШЫҒЫС САЛБУРЫНЫ – 2025»:
ҚЫРАН МЕН РУХТЫҢ
ҚАНАТТЫ ТОЙЫ

10

**«Әкемді бір
 көруге зар
 қылды ғой...»**



6

**Ең биік
 көпір Өр
 Алтайда
 бой
 көтермек**



Өскемен қаласының 2023 жылғы 30 мамырдағы №1632 «Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы» қаулысына өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы

Өскемен қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Өскемен қаласының 2023 жылғы 30 мамырдағы №1632 «Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы» қаулысына келесі өзгерістер және толықтырулар енгізілсін:
көрсетілген қаулымен бекітілген «Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі туралы Ережеде:
2-тармақтың 4) тармақшасы алынып тасталсын;
8 – тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«8. Бөлімнің штат санының лимитін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Өскемен қаласының әкімдігі бекітеді.»;
15 – тармақта:
2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«2) су құбырларын, тазарту құрылыстарын, жылу және электр желілерін және басқа да көлік және инженерлік инфрақұрылымның объектілерін, қаланың байланыс желілерін салуды және пайдалануды ұйымдастыру»;
3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«3) жерлеудің және зираттарды күтіп ұстау ісін ұйымдастырудың үлгілік қағидаларына сәйкес туысы жоқ адамдарды жерлеу және орындарының зираттарын күтіп-ұстауды және оларға қызмет көрсетуді ұйымдастыру, жерлеу жөніндегі істі ұйымдастыру туралы шарт талаптарының сақталуына бақылауды жүзеге асыру»;
40) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«40) тұрғылықты жері бойынша қоғамдық орындарда қылмыстық және әкімшілік жауаптылыққа тартылған адамдарды қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде жазаны өтеу үшін белгілі бір біліктілікті талап етпейтін тегін қоғамдық пайдалы жұмыстарды ұйымдастыру»;
42) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«42) қаланың жергілікті атқарушы органының өкілеттіктері шегінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасау»;
Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы және жылу энергетикасы саласындағы заңнамасын бұзу (жергілікті жылумен жабдықтау жүйесіндегі жылумен жабдықтау субъектілері және жылу энергиясын тұтынушылар бөлігінде);
электр қондырғыларын орнатудың, электр станциялары мен желілерін техникалық пайдаланудың, электр станциялары мен жылу желілерінің жылу-механикалық жабдығын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасының, тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдаланудың, электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасының, тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасының бекітілген қағидаларын бұзу, сондай-ақ энергия тұтынудың белгіленген режимдерін бұзу (жергілікті жылумен жабдықтау жүйесіндегі жылумен жабдықтау субъектілері және жылу энергиясын тұтынушылар бөлігінде);
энергия өндіруші ұйымдардың және жылу өндіруші субъектілердің бекітілген отын қоры нормативтерін күзгі-қысқы кезеңде сақтамауы (жергілікті жылумен жабдықтау жүйесіндегі жылумен жабдықтау субъектілері бөлігінде);
өзірлік паспортын алу мерзімін бұзу (жергілікті жылумен жабдықтау жүйесіндегі жылумен жабдықтау субъектілері бөлігінде);
электр және жылу желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беруге қойылатын талаптарды бұзу (жергілікті жылумен жабдықтау жүйесіндегі жылумен жабдықтау субъектілері бөлігінде);

Өскемен қаласының әкімі

А. Ақышов

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

1) Жобаның атауы:
– «489 отметкаға дейінгі қалдық қоймасының 4 секциясының алтын өндіру фабрикасының қалдық шаруашылығын реконструкциялау» нысаны бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары кезеңіне әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған материалдар.
2) Аумағына әсер ету мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізімі:
– Секисовка а., Секисовка а.о., Глубокое ауданы, ШҚО. Бұрыш нүктелерінің координаталары:1) 50° 20' 29" се 82° 36' 7" шб 2) 50° 20' 42" се 82° 36' 22" шб 3) 50° 20' 35" се 82° 36' 46" шб 4) 50° 20' 25" се 82° 36' 46" шб.
3) Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін жері, күні және бас-талу уақыты:
– ШҚО, Глубокое ауданы, Секисовка а.о., Секисовка а., Шоссейная көш., 21 (Мәдениеті үйі ғимараты), **24.11.2025 ж. сағат 11:00.**
4) Бастамашының деректемелері және байланыс деректері:
– «ГРП BAURGOLD» ЕЖШС, БСН 980940000877, ШҚО, Глубокое ауданы, Секисовка а., Новостроевкая көш., 10, тел.: +7 (72331) 2-79-25, e-mail: office@grps.com.kz.
5) Мемлекеттік экологиялық сараптама объектісінің құжаттамасын әзірлеушінің деректемелері мен байланыс деректері:
– «Проектный центр «ПРОФЕССИОНАЛ» ЖШС, БСН 141140017741ШҚО, Өскемен қ., 3-ші Кең жолағы, 21, тел.: +7 777 495 09 75, e-mail: pcprof@mail.ru.
6) Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен, ал кейін қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасымен танысу үшін, Бірыңғай экологиялық порталға және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органының ресми интернет-ресурсына сілтемесі;

– Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі – <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> «Ашық кездесулер» бөлімі;
– ЖАБ сайты «Шығыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ («ШҚО ТР және ТПРБ» ММ) – <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat>, «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімі.
7) Көзделіп отырған қызмет, өткізілетін қоғамдық тыңдаулар туралы қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұрату үшін электрондық мекенжайы мен телефон нөмірі:
– эл.мекенжай: pcprof@mail.ru и kaioldina@grps.com.kz;
– телефондар: +7 777 495 09 74, +7 705 144 84 80, +7 778 797 72 97.
8) Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының жұртшылық пен мүдделі жұртшылық өз ескертүлері мен ұсыныстарын қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда жіберетін электрондық мекенжайы мен пошталық мекенжайы:
– қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі – «Шығыс Қазақстан облысы бойынша экология департаменті» РММ: vko-ecoder@ecodego.gov.kz, ШҚО, Өскемен қ., Потанин көш., 12, тел. 76-76-82, факс 8(7232) 76-55-62;
– ЖАБ «ШҚО ТР және ТПРБ» ММ:g.zhunisbekova@akimvko.gov.kz, ШҚО, Өскемен қ., К. Либкнехт, 19, тел.: 8 (7232) 25-72-06, + 771 377 07 68.
Zoom кездесуіне қосылыңыз:
<https://us06web.zoom.us/j/89406227364?pwd=IBR6ZvBZw16pVb7v7np2bTQ45JAQtn.1>
Конференция идентификаторы: 894 0622 7364
Кіру коды: 414435

Риддердің берекелі ризығы

Айдос МЫРЗАХМЕТОВ

Риддер өңірінің ең дәмді, ең сапалы өнімдері «Altay» көтерме-тарату орталығы алаңында ұйымдастырылған жәрмеңке сөрелеріне жайғасты.

Қала тұрғындары мен қонақтары таң сәріден жәрмеңке алаңына ағылды. Мұнда ауыл иісі, табиғи өнім дәмі, еңбек адамдарының маңдай тері мен риддерліктердің кең пейілі сезіледі.
– Қаламыздың шаруа қожалықтары өз өнімдерін әкеліп, сөрелерге қойып жатыр. Тек сауда емес, спорт пен мәдениетті де қоса ала келдік. Арқан тарту, гір көтеру, аударыспақ сияқты ұлттық ойындар ұйымдастырылып жатыр. Гір көтеруден қыздар арасындағы сайыс та өткізілетінін айта кеткіміз келеді. Қала де-меушілері жеңімпаздарға сый-сияпаттарын әзірледі, – дейді Риддер қаласы әкімінің орынбасары Ерболат Ошақбаев.

Жәрмеңке сөрелерінде табиғи әрі экологиялық таза өнімдер көздің жауын алады. Риддер шаруалары облыс орталығына брендтік бал өнімдерін, 6 тонна жылқы, 6 тонна ірі қара, қой мен тауық етін, сондай-ақ 10 тонна картоп пен көкөніс өнімдерін жеткізген.

Өскемен тұрғындары үшін бұл күн тек сауда мен көңіл көтеру емес, еңбек пен дәстүр тоғысқан мере-кеге айналды. Жәрмеңке Өскемен мен Риддер ара-сындағы рухани және экономикалық байланысты нығайтып, өңіріміздің шынайы бірлігін тағы бір мәрте асқақтатты.

ӨСКЕМЕН ҚАЛАСЫ ӘКІМІ МЕН ОНЫҢ ЖҰБАЙЫНЫҢ ТАБЫСТАРЫ МЕН МҮЛКІ ТУРАЛЫ ДЕКЛАРАЦИЯДАН МӘЛІМЕТТЕР

Нормативтік өзгерістер
2023 жылғы 12 желтоқсандағы № 45-VIII ҚРЗ Заңы-мен Салық кодексінің 634-бабына өзгерістер енгізілді.
2024 жылғы 1 қаңтардан бастап негізгі жұмыс орны бойынша мемлекеттік қызметшілердің жалақысы туралы мәліметтер декларацияға енгізілмейді, өйткені бұл ақпа-рат салық органдарына тікелей жұмыс берушілерден келіп түседі.
Осыған байланысты жеке тұлға өз бетінше декла-рациялауға міндетті кірістер мен мүлік туралы мәліметтер ғана жариялануға жатады.
Декларациядан мәліметтер (есепті кезең – 2024 жыл)
2024 жылға ұсынылған декларацияларға сәйкес Өс-кемен қаласының әкімі Алмат Талғатұлы Ақышовтың және оның жұбайының Қазақстан Республикасы Салық кодексінің талаптарына сәйкес жариялануға жататын та-быстары мен мүлкі жоқ.
Осы мәліметтерді жариялау мемлекеттік қызметші-лер қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ қоғамның мемлекеттік қызмет институттарына деген се-німін нығайтуға бағытталған.

КЕМЕ ИЕЛЕРІНІҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Теміржол және су көлігі комитеті «Қазақстан су жолдары» респу-бликалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының «Гидро-техникалық құрылыстар» филиалы навигацияның жа-былғаны туралы хабарлайды:
- Шүлбі шлюзі 2025 жылдың 04 қарашасынан бастап;
- Өскемен шлюзі 2025 жылдың 07 қарашасынан бас-тап;
- Бұқтырма шлюзі 2025 жылдың 07 қарашасынан бас-тап.

ЖАРНАМА БӨЛІМІНІҢ

ТЕЛЕФОНЫ: 8 (7232) 75-28-22,
8 777 23 97 682

ЭЛЕКТРОНДЫ ПОШТА:
MARKETING@ALTAINNEWS.KZ